



Ақпараттық логистика

Материалды ағымдарды басқару үрдісінің логистикалық жүйелерде жүретін ақпараттарды өндеу жатады. Осыған байланысты логистиканың маңызды түсініктерінің бірі ақпараттық ағым түсінігі болып табылады. Ақпараттық ағым - бұл логистикалық операцияларды басқару және бақылау үшін қажетті, логистикалық жүйелер мен сыртқы орта арасында жүретін, логистикалық жүйенің ішінде жүретін ақпараттар жиынтығы.



Логистикалық функцияларға қатысты ақпараттық ағымдар қарапайым, кешендік, маңызды, базалық болып бөлінеді.

Логистикалық жүйеге қатысты ағымдар төмендегідей болып бөлінеді: - ішкі және сыртқы (сәйкесінше логистикалық жүйе ішінде немесе логистикалық жүйе мен сыртқы орта арасында жүретін ағымдар); - горизонталды, бұл логистикалық жүйе иерархиясының бір деңгейіне жатады және вертикалды - логистикалық менеджменттің жоғарғы деңгейінен төменгісіне жылжитын ағымдар; - кіретін және шығатын - логистикалық жүйе кіруіне не шығуына байланысты.




Ақпараттық ағымды былайша басқаруға болады:

- ағымның бағытын өзгерту;
- қабылдаудың сәйкес жылдамдығына дейін беруі жылдамдығын шектеу;
- жеке тораптық немесе жолдың жеке учаскісінің өткізу қабілетті шамасына дейін ағым көлемін шектей отырып.

Ақпараттық ағым уақыт бірлігінде өңделетін ақпараттық санымен өлшенеді.



Мысал ретінде, азық-түлік тауарларының ірі дүкеніндегі жиынтық ақпарат ағымының құрылымын карастырып өтейік. Осы жерде айналатын ақпараттың негізгі бөлігін (50% астамын) жабдықтаушыдан дүкенге келіп түсетін ақпарат құрайды. Бұл дүкенге келіп түсетін тауарлардың құжаттары бұл кіретін ақпараттық ағымды құрайтын тауар - қостаушы құжаттар.




Дүкендегі логистикалық операциялар жабдықтаушылардан тауарлар алумен шектелмейді. Дүкен ішіндегі сауда - технологиялық үрдіске дүкен ішінде қолданылатын ақпараттың пайда болуымен қатар жүретін кәптеген логистикалық ақпараттар жатады. Соның ішінде дүкен ішінде пайдаланылатын ақпараттардың үлесі шамамен 20% құрайды.

ЖАЛПЫ ДҮКЕНДЕГІ ӨНДЕЛЕТІН АҚПАРАТТЫҢ 2/3 БӨЛІГІН ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ БАҚЫЛАУҒА ЖӘНЕ БАСҚАРУҒА ҚАЖЕТТІ АҚПАРАТ ҚҰРАЙДЫ. ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ НЕМЕСЕ САУДА КӘСІПОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҮЛЕСІ БҰДАН ДА КӨБІРЕК.

Ақпараттық жүйенің анықтамасын былайша калыптастыруға болады: ақпараттық жүйе - бұл логистикалық жүйенің қызмет етуін жоспарлау, реттеу, бақылау және талдау үшін логистикалық басқару қолданатын, байланысты ақпаратпен біріккен құралдар мен процедуралардан, персоналдан тұратын интерактивті құрылым.



Функционалдық құрылым пирамида түрінде болады. Логистикалық ақпараттық жүйенің функционалды «пирамидасының» негізінде фирманың функционалды бәлімшелері, логистикалық делдалдар және фирма өнімдерін тұтынушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын логистикалық жүйенің бөлімдері арасындағы трансакция жүйесі жатыр.



Логистикалық, ақпараттық жүйенің құрылу негізінде алты басты ереже бар:

1. Пайдаланушы үшін ақпараттың толықтығы және жарамдылығы. Логистикалық менеджерге шешім қабылдау үшін керекті және толық (жеткілікті) ақпарат болу керек. Мысалы, қор мәртебесі туралы немесе тұтынушылардың тапсырыстары туралы ақпараттар алдын ала өңдеуді қажет етеді және әдетте ол логистикалық менеджер шешім қабылдайтын жерде орналаспайды. Сондықтан да логистикалық ақпараттық жүйе сәйкес логистикалық функциялар мен операциялар орындауға қажетті орында, қажетті түрде және толық ақпарат ұсынуы тиіс.

2. Дәлдік. Бастапқы ақпараттың дәлдігі дұрыс шешім қабылдау үшін өте маңызды. Мысалы, қазіргі логистикалық жүйелердің өткізу торларындағы қорлар деңгейі жәніндегі ақпаратта 1% қате немесе анықсыздық болады.

3. Дәл уақытта алынуы.
Логистикалық ақпарат басқару жүйесіне уақтылы жеткізілуі тиіс, себебі бұны көптеген логистикалық технологиялар, әсіресе логистикалық технологиялар концепциясына негізделген технологиялар қажет етеді.

4. Бейімділік. Логистикалық ақпараттық жүйедегі ақпарат өнім, қызмет сапасын жақсартудың, логистикалық шығындарды төмендетудің қосымша мүмкіндіктерін табуға бейімделуі тиіс.

The picture can't be displayed.



5. Икемділік. Логистикалық ақпараттық жүйеде жүретін ақпарат нақты пайдаланушыларға икемделуі тиіс және оларға ыңғайлы түрде болуы керек. Бұл фирма персоналымен қатар, логистикалық делдалдарға және соңғы тұтынушыларға да қатысты.

6. Қолайлы мәліметтер үлгісі.

Логистикалық ақпараттық жүйенің компьютерлік және телекоммуникациялық торларында қолданылатын мәліметтер үлгісі техникалық құралдардың өнімділігін тиімді қолдануы тиіс (жады көлемі, тез әрекет ету, өткізу қабілеттілігі және т.б.).

Назарларыңызға рақмет!

